

этимологиясы, археологиялық деректер мен тарихи жазбалар қаланың мәдени, экономикалық және саяси дамуын көрсетеді. Қазіргі кезеңде Сарайшық атауы тарихи жадты қалпына келтірудің символына айналып, музей-қорық құрылуы және тарихи көшелерге атаулар беру арқылы насихатталуда. Бұл үрдіс қоғамның тарихи сана мен мәдени мұраға деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Атырау қаласында ономастикалық атаулар тарихи кезеңдердің сабақтастығын, кеңестік идеологиялық атаулардан бастап тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық тарихи тұлғаларға арналған атауларға дейінгі эволюцияны көрсетеді. Кеңес дәуіріндегі идеологиялық атаулар ұлттық тарихи топонимдерді уақытша ығыстырған болса, тәуелсіздік жылдарында Махамбет Өтемісұлы, Құрманғазы Сағырбайұлы сияқты тарихи тұлғалардың есімдері көшелер мен қоғамдық орындарға беріліп, тарихи әділдікті қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Қазіргі урбанизация дәуіріндегі әлеуметтік-мәдени атаулар тұрғындардың рухани сұранысын және қоғамдағы позитивті құндылықтарды көрсетеді. Осылайша, Атырау мен Сарайшық қалаларының ономастикасы ұлттық мәдени мұраны сақтау, тарихи әділдікті қалпына келтіру және қоғамның рухани санасын қалыптастырудағы негізгі құрал болып табылады. Тарихи және қазіргі атауларды жүйелі зерттеу, сақтау және насихаттау келешек ұрпаққа ұлттық мәдениетті жеткізудің сенімді негізін қалыптастырады. Сонымен қатар, ономастика арқылы халық тарихи тұлғаларды еске алып, мәдени идентификацияны нығайтады, бұл өңірдің тарихи және мәдени дамуын толық бейнелейді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қуандықова Г., Сәрсенова А. Қазақ қалаларының ономастикалық ерекшеліктері. - Атырау: Атырау университеті баспасы, 2018. - 132 б.
2. Тұрсынов Е. Қазақстан қалаларының тарихи атаулары. - Алматы: Ғылым, 2017. - 198 б.
3. Сарайшық - бабалар мұрасы / Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев. - Атырау: “Ағатай” баспасы, 2015. - 224 б.
4. Ортағасырлық Сарайшық / Ә.Мұқтар, У.Ахметова, П.Петров, А.Тұрарұлы, А.Жұмабаева, Қазақ тілі баспасы, 2024. - 368 б.
5. Маргулан А.Х. Раскопки Сарайчика. Тезисы доклада на Всесоюзном археологическом совещании 1951г. // Архив Института археологии им. А.Х.Маргулана. Инв.763 а.
6. Толстов С.П. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция Академии наук 1950г. // Советская археология. М., 1953. Т.18. С.304
7. Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. Алматы. 2008.
8. Ономастикадағы олқылықтар. ATR.kz. [https://atr.kz/qogam/onomastikadagy-olqylyqtar/?utm\\_source](https://atr.kz/qogam/onomastikadagy-olqylyqtar/?utm_source)

#### **СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС КАСПИЙ МАҢЫНДАҒЫ САРМАТ ЕСКЕРТКІШТЕР: ЖЕРЛЕУ ҒҰРНЫНДАҒЫ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨРІНІСТЕР**

**Жазықбай А.М.**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Абенов Д.К.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Asan.zhazykbay@mail.ru

Алматы қ.

Қазақстан жерін ежелден бері әртүрлі мемлекеттік құрылымдар, тайпалық бірлестіктер мекен еткендігі бізге жазба деректерінен де, археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде де белгілі. Жалпы сарматтар жайлы алғашқы әрі нақты деректер шамамен б.з.д. III ғасырға тиесілі. Геродот, Страбон, Тацит, Аммиан Марцеллин сынды антика дәуірі авторларының еңбектерінде жалпылама деректер кездеседі. Сонымен қатар, қытай тарихшылары Сыма Цянь, Фань Е, Бань Гу деректерінде де сарматтар туралы мәліметтер кездеседі [1, С. 10-11]. Дегенмен, негізгі дереккөздері ретінде кеңестік дәуір авторларының еңбектерін айта аламыз. Аталмыш кезеңде Қазақстан аумағында археологиялық барлау жұмыстары, экспедициялар көптеп жүргізілгені нәтижесінде анықталған археологиялық ескерткіштердің бір кешені осы біз қарастырып отырған сармат тайпаларына тиесілі. Алғаш рет сармат ескерткіштеріне кешенді қазба жұмыстары XIX-XX ғасырларда жүргізіле бастады. Ал біз қарастырып отырған Солтүстік-шығыс Каспий маңындағы сармат ескерткіштерін зерттеумен алғаш рет XVIII-XIX ғасырларда орыс барлаушылары айналысқанымен, көшпелі тайпа мұралары жайлы толыққанды деректер жоқ. Сармат ескерткіштерінің сипаты мен мерзімі жайлы нақты деректер келтірілмеген.

Сонымен қатар, өзіміз білетін 1960 жылы жасалған «Қазақстанның археологиялық картасы» атты еңбекте де біз қарастырып отырған өңірдегі археологиялық ескерткіштер көрсетілмеген.

Біз қарастырып отырған өңірдегі ерте темір дәуірі ескерткіштеріне қатысты зерттеулер көп жүргізілгеніне қарамастан, нақты біз қарастырып отырған сармат-савромат мәдениетіне тиесілі ескерткіштер ұзақ уақытқа дейін толыққанды зерттеле қоймады. 1918 жылы «скифология мен сарматологияның негізін қалаушылардың бірі» атанып кеткен М.И. Ростовцевтің «Курганные находки Оренбургской области эпохи раннего и позднего эллинизма» еңбегі жарық көрді. Автор бұл еңбегінде алғаш рет Оңтүстік Орал маңындағы савромат-сармат ескерткіштерін кезеңдестірді [2]. Б.Н. Граковтың савромат-сармат мәдениетінің генезисіне арналған басты еңбектерінің бірі - «Пережитки матриархата у сарматов» мақаласында аталмыш мәдениетті төрт кезеңге бөліп қарастырады:

- 1) Савромат немесе блюменфельд мәдениеті (б.з.д. VI-IV ғасырлар);
- 2) Савромат-сармат немесе прохоров мәдениеті (б.з.д. IV-II ғасырлар);
- 3) Сармат немесе сулов мәдениеті (б.з.д. II ғасырдың аяғы - б.з. II ғасыр);
- 4) Алан немесе шилов мәдениеті (б.з. II-IV ғасырлар) [3, С. 104-106].

Еділ бойы өңірлерін зерттеумен айналысқан П. Рау, И.В. Синицын, Орал маңы мен Батыс Қазақстан өңіріне археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген О.А. Граков пен К.В. Сальников савроматтар мәдениетінің кейінгі қола дәуіріндегі - қималы хвалынь және андрон сияқты туыстас мәдениеттермен генетикалық байланысы бар болуы мүмкін деген болжамдар жасады. К.В. Сальников савромат-сармат мәдениетін төрт кезеңге бөліп қарастырды:

- 1) савромат (б.з.д. VI-IV ғасырлар);
- 2) ерте сармат (б.з.д. IV-II ғасырлар.);
- 3) орта сармат (б.з.д. I ғасыр. - б.з. II ғасырдың басы);
- 4) кейінгі сармат (б.з. II-IV ғасырлар) [4, С. 86-92].

К.Ф. Смирнов өзінің негізгі жұмыстарының бірінде біз қарастырып отырған аймақтардың жерлеу ескерткіштерін мынадай хронологиялық топтарға бөліп қарастырады: а) б.з.д. VIII-VII ғасырлар; ә) б.з.д. VII ғасырдың соңы - VI ғасыр; б) б.з.д. VI ғасырдың соңы - V ғасыр; в) б.з.д. V ғасырдың соңы - IV ғасыр [5, 10 с.].

Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институты мен Ақтөбе облыстық өлкетану музейі бірлесіп, үш маусым бойы, яғни 1973, 1974, 1976 жылдары Елек өзенінің сол жағалауында орналасқан қорымдарға археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде, М.Қ. Қадырбаев және Ж. Құрманқұлов бастаған экспедиция б.з.д. VI ғасырдың екінші жартысы - V ғасырмен мерзімделетін Сынтас, Бесоба, Жалғыз оба, Күміссай сияқты савромат-сармат дәуіріне тиесілі археологиялық ескерткіштерден құнды жәдігерлерді анықтады [6, 138 с.].

Археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталған жәдігерлер арқылы біз еліміздің батыс өңірлерін мекен еткен сармат тайпаларының тұрмыс-тіршілігі, діни наным-сенімдері, мәдениеті, әскери өнері және т.б. ерекшеліктері жайлы толыққанды деректерге қол жеткізе аламыз. Қазіргі уақытта аймақтағы сармат мәдениеті ескерткіштерін зерттеу жұмыстары әлі де жалғасын табуда. Әсіресе, сарматтардың діни-ғұрыптық кешендері ерекше қызығушылық тудырады. Сарматтардың киелі ғибадатханаларын зерттеу Каспий теңізінің солтүстік-шығыс өңірлеріндегі көне көшпенділер дүниетанымы мен діни түсініктерінің біршама қырларын алдымызға жайып салды.

Сарматтардың анимистік көзқарастары тек өлілер культында ғана емес, ата-бабалар мен табиғат культында да көрініс тапты. Табиғат культына табыну оның жекелеген элементтерінен байқалады - күнге, отқа, өзенге, тасқа, жануарларға және т.б. Күнге табыну от культымен тығыз байланысты. От культы үй ошағы мен күн культынан бастау алған, яғни отты күннің балалары ретінде қарастырылған. Сарматтар өмірінде от маңызды орынға ие болғанымен, тек «Варвар заңдары» еңбегінің авторы Нимфодор Сиракузскийдің жазба деректерінде көрсетілген.

Күн мәңгі өмір мен берекенің белгісі ретінде ежелгі халықтардың басты пірі болып саналады. Оған құрмет ретінде Арал-Каспийдің көшпенді тұрғындары ғибадатханалар салғаны дәлел. Бәйте және Төбежік ғибадатханалардың жобасы солярлық белгілерді білдіруде ықтимал.

Маңғыстау аймағында б.з.д. 3-2 ғасырларда зороастризммен қатар қайтыс болған адамның сүйегін арнайы ыдыстарда-оссуарийлерге салып жерлеу дәстүрі дамыған. Алайда осы аймақта тастан қаланған қақпағы бар шағын ыдыстармен жүзеге асып отырған. Бұл дәстүр Маңғыстаумен шектесіп жатқан көне Хорезм аймағынан келген.

Арал-Каспий далаларын мекендеген сарматтар жылқы малын құрметтеген. Жоғарғы құдіретке - Күнге құрбандыққа жылқы шалынатын, сірә, оны Күнге теңеген шығар.

Көзқарастың негізін политеизм - бірнеше құдайға сенушілік құрайтын. Құдайлардың әрқайсысы белгілі бір табиғи құбылысты реттеп отырады деп сенген.

Сармат тайпалары арасында көне тотемдік нанымдардың сақталуын құдайлардың зооморфты бейнеленуінен байқауға болады. Мысалы, күн құдайы атқа, жел, боран және әскери ашудың құдайы кабан мен бұқаға теңестірілген. Үндірандық мифологиялық, яғни үш әлемдің көзқарас та сақталған.

Сонымен қатар, жануарлардың, жыртықштардың нақсы бейнесі бар тотемизмнің кейбір сарқыншақтары сақталған. Оларды қару-жарақтар, ар әбзелдер мен пышаққа бейнелеген. Сарматтардың кейбір ата-бабаларының тотемі қасқыр мен аю болуы мүмкін. Оған Повольжья мен Орал өңіріндегі аң стиліндегі жәдігерлерде көрініс табуы дәлел бола алады. Еліміздің батыс өңіріндегі Тасастау I ғибадатханасынан табылған құрбандық шалуға арналған ыдыста қасқырдың басының бейнеленуі, Қызылүйіктен табылған үш бұғының бейнесі салынған 4, балық суреті бар 1, белгісіз аң бейнеленген 2 күміс жапсырма осы сөзімізге дәлел болады.

Сарматтар дүниетанымында «аспан-күн-от-сәуле» орны алған десек, артық айтпағандық болар. Жерлеу орнында от және оның өнімдері (көмір, күл) мен ақ заттардың болуы (бор, әктас, гипс, ақ саз, ақ қабыршақ) жоғарыда көрсетілген кешенмен тығыз байланысты, яғни олар сәуле, күн, тазалық мағынасын білдірген. Осы сипатта қызыл бояу мен ақ ұнтақ алтарь-үстелдерінде және ыдыстарда қолданылған.

Бәйте III ғибадатханасы құрылысының орталық бөлігінде от жағатын алтарь орналасқан. Орталық бөліктен ағаш пен күлдің қабаты және ұсақ жануарлар сүйегі табылды. Төбесінің күмбезделіп келуі көк аспанмен, ал ішкі бөлмелердің төрт жаққа айқышталып тұрғызылуы дүниенің төрт бұрышын білдірсе керек. Бұның бәрі жоғарыда сөз болған «аспан-күн-от-сәуле» түсінігін сипаттап тұрғандай. Ғибадатхананың ішкі-сыртқы қабырғаларында рулық белгілер мен суреттер молынан салынған. Бұл бір жағынан ата-баба рухына бағынудың көрінісі болады.

1980 жылдардан бастап зерттеліп келе жатқан Бәйте I, II, III ғибадатханаларына жүргізілген қазба жұмыстары барысында тас мүсіндер көптен табылған. Бұл сарматтардың өзге де ежелгі халықтар секілді түрлі тастардың магиясына, оның қорғау және емдік қасиетіне сенгендігін көрсетеді. Тас пен тауға табыну сарматтар үшін қалыпты жағдай болып табылады. Тіпті кейде тасты марқұмның бас жағына орнату, кейде үйіндіні толық тастан қалаған жағдайлар да кездеседі. Әдетте тас мүсіндер батыс немесе солтүстікке қаратып салынатын болған. Бұл өз кезегінде «өлілер» әлеміне аттанғандықтың белгісі болып табылады. Бәйте III пен Төбежік II табыну орындарында қойылған жұптық тас бағандар Варуна мен Митра құдайларымен сәйкес келуі, ведалық әдебиеттерде көрсетілгендей күн мен түн, күн мен аспан секілді бір-біріне қарама-қарсы қойылған белгілер дәлелдейді. Ғибадатханалар жанына салынған тас мүсіндер саны 2-3-тен 30-40-қа дейін жетіп отырған. Мысалы, Қарамөңке ғибадатханасынан 60 шақты тас мүсін сынықтары табылған. Мүсіндердің басым көпшілігінің оң қолдары төмен, ал сол қолдары ішің ұстап тұрғандай ер адам түрінде бейнеленген. Бұның негізгі мәні: олар халық арасында құрметке ие болған, ата-бабаларының жанына орнатылған, жауынгерлік қасиеттері мен жасын көрсетуге талпынған, яғни сарматтар сол арқылы ата-баба рухына тағзым еткен [8].

Өзге де ежелгі тайпалық бірлестіктер сияқты сарматтар да өмірден кейінгі өмірге, яғни адам дүниеден өткеннен кейін жаңа өмір басталады деп сенген. Бұған көптеген дәлелдер бар. Әсіресе, ғұрыптық жерлеу орындарында мәйітпен қатар келесі өмірде қажет болатын тұрмыстық заттар, әшекей-бұйымдар, қару-жарақтарды бірге жерлеуінен де байқаймыз. Мысалы, Бәйте I ғибадатханасынан құрбандық тағамдары, ұшқырлы қола жебе ұштары мен құмдақ құрбандық ыдысының сынығы табылған, Бәйте II ғибадатханасынан тас құрбандық «үстелі» табылған. Тасастау I-ден қола айна, төрт қыш ыдыстың сынықтары, үш ұшқырлы жебенің ұштығы, қола және тас моншақтар, темір қанжар мен бір аяғында қасқырдың басы бейнеленген сарматтардың құрбандық шалатын ыдыстың бір бөлігі және т.б. табылған. Дәл осындай мысалдар өте көп. Табылған заттар қайтыс болған адамның келесі өмірінде қажет болады деген сеніммен бірге жерленген.

Жалпы мәйітпен бірге жерленген заттарға қарап, сарматтардың қоғамдық жіктелінісін, өмірге деген көзқарасы мен дүниетанымын көре аламыз. Көптеген жерлеу орындарында мәйітпен бірге жерленген заттарды басым бөлігі сақталмаған. Жақсы сақталғандардың ішінде қару-жарақтарды айтып өткен жөн. Көбінесе сынған заттар кездеседі. Сарматтар марқұмға тән заттардың жаны бар деп сенген деген тұжырым жасауға болады. Заттарды сындыру не өртеу арқылы марқұммен бірге өлілер әлеміне кеткен затты жаннан ажыратып алған деуге болады. Сарматтардың осындай анимистік жарқын көзқарасын этнографиялық деректерге сүйене отырып, В.П. Шилов көптеген деректер келтірген. Сарматтар кезеңінде кейде металл айналарды сындыры, олардың бөліктерін қабірге салатын болған. Кейіннен бұл ғұрып прохоров кезеңінде кең танымалдыққа ие болды. Айнаға қарау көптеген халықтар арасында магиялық күшке ие болатын құбылыс. Айна жанның көрінісін айқындаушы, белгілі бір ерекше күшке ие деген сенім болды. Мысалы, Терең ғибадатханасынан темір семсер, жебе ұштары,

алтын әшекейлер мен ыдыстар, Қызылүйік ескерткішінен сарматтық жебе ұштары, пішіні үшбұрыш келген, бір-біріне аяқтары түйісіп жатқан үш бұғының бейнесі салынған 4, балық суреті бар 1, белгісіз аң бейнеленген 2 күміс жапсырма табылған.

Көріп отырғанымыздай, сармат кезеңіне тән археологиялық ескерткіштер ежелгі тайпалардың өмір салтын, мәдениетін, шаруашылығын, дүниетанымын сипаттауда маңызды дереккөзі бола алады. Дегенмен, біз қарастырып отырған өңірде сармат дәуірі ескерткіштері айтарлықтай кешенді түрде зерттеле қойған жоқ. Қазіргі таңда шамамен 60 ғибадатханалар белгілі болғанымен, 20 шақтысына ғана археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілген. Бұл сармат дәуірі бойынша деректер қорын әлі де болса толықтыра түсуге болатынын көрсетеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Скрипкин, А. С. Сарматы = The Sarmatians: монография - Волгоград : Из-во ВолГУ, 2017. - 293 с.
- 2 Ростовцев М.И. Курганные находки Оренбургской области эпохи раннего и позднего эллинизма. - Петроград: Девятая государственная типография, 1918. -103 с.
- 3 Граков Б.Н. Пережитки матриархата у сарматов // Вопросы древней истории. - 1947. - № 3. - С. 100-121.
- 4 Сальников К.В. Древнейшие памятники истории Урала. - Свердловск: Обл. гос. изд-во, 1952. - 160 с.
- 5 Смирнов К.Ф. Проблема происхождения ранних сарматов // Советская археология. - 1957. - № 3. - С. 3-19.
- 6 Кадырбаев М.К. Захоронение воинов савраматского времени на левобережье р. Илек // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. - Алма-Ата: Наука, 1976. - С. 137-156.
- 7 Ольховский В. С., Галкин Л.Л. Культурный комплекс на Устюрте, СА. - Москва, 1990. - №4. - С. 198.
- 8 Шәйкен Ж. Ғұрыптық құрылыстар және ғибадатханалар мен ғимараттар // Алматы: Мәдениет, 2005. - №3 (12) - 6 б.

## **XIX Ғ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР**

**Жакенова А.**

Ғылыми жетекші: PhD докторы, қауымдастырылған профессор Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

Қарағанды қ.

Қазақ хандығындағы шаруашылықтың негізгі саласы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болды, сонымен қатар Жетісу өңірі мен Оңтүстік Қазақстанда отырықшы, егінші аудандар мен қолөнер, сауда және мәдениет орталығы қалалар өркендеді. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар көбінесе қырлы өңірлерде қой, жылқы, түйе және сиыр өсірді, бұл төрт түлік мал деп саналды. Мал-жылдың төрт маусымында табиғи жайылымда бағылды. Мұның өзі кең байтақ өріс-қоныс болуын және шөптің шүйгіні мен судың тұнығын таңдап көшіп-қонуды керек етті. Талай ғасырлық тәжірибеден туған шаруашылық басқару тәсілі жайылымдарды маусымға сай пайдалану тәртібін қалыптастырды, төрт маусымның төрт қонысы болды. Бұлар: жазда - жайлау, қыста - қыстау, көктемде - көктеу, күзде - күзеу деп аталды. Жазғы жайлауға - бетегелі белестер, өзендер мен көлдердің алқаптары, ауасы салқын, шыбын-шіркейі аз биік таулардың қойнаулары пайдаланылды. Қыстық қыстауға ызғырық желден панаалайтын ықтасын, жылуыт, күнгейлі таулы жерлер, төбе-төбе құмды адырлар немесе малды бораннан сақтайтын тоғайлы, қамсаулы-қамысты жерлер таңдап алынды [1, 323 б.].

Көшпелі қазақ арасында балықшылықпен шұғылданушылар өте аз болды. Көбінесе өзен-көлдердің маңына қоныстанған кедейлер балықшылықпен айналысты, олардың құрал саймандары: қармақ, серу, ау, қода т.б. болды. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде оңтүстікте қалыптасқан шаруашылық күйзелісі («Ақтабан шұбырындыға» байланысты) солтүстік-батыс және Оңтүстік Қазақстан аумағына таралды. Көшпелі топтардың ішнара отырықшылануы кейінен Орталық Азияда («құрама» үлгісіндегі кіші этникалық топтардың қалыптасуына) және әр түрлі рулардың араласуына әкеп соқты. Қазақтар шаруашылығының дамуы негізінен айырбас саудаға негізделді. XVIII ғасырдың бүкіл бойында және XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамы материалдық өндірісінің негізі,